

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 479 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мұқтажы үшін 2007 жылы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстарды берушілер мен қызметтерді көрсетушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 001 102 "Инфрақұрылымды ұстау" бюджеттік бағдарламасымен көзделген қаражат шегінде осы қаулыға қосымшада көрсетілген беруші заңды тұлғалармен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды;

2) осы қаулыға сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 3 және 4-тармақтарын орындауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы «Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 8 маусымдағы
N 479 қаулысына

ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің
мұқтажы үшін 2007 жылы сатып алудың маңызды
стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстарды беруші
және қызметтерді көрсетуші заңды тұлғалардың тізбесі**

Тауарларды, жұмыстарды берушілер	Объектілер- дің орналасқан	Тауарлардың, жұмыстар мен
--	----------------------------------	------------------------------

Р/с N	мен қызметтерді көрсетушілер	жері	қызметтердің атауы
1.	"Күрделіқұрылыс+" Ж Ш С Өскемен қаласы	Аягөз қаласы, Оңтүстік әскери қалашығы	Ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу
2.	"Күрделіқұрылыс+" Ж Ш С Өскемен қаласы	Аягөз қаласы, Оңтүстік әскери қалашығы	Әскери қалашықтың аумағын жайластыру
3.	"Күрделіқұрылыс+" Ж Ш С Өскемен қаласы	Аягөз қаласы, Оңтүстік әскери қалашығы	Мемлекеттік сараптама жүргізе отырып, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және Аягөз гарнизонының күрделі жөнделетін объектілерін зерттеу
4.	"Жамбылжолқұрылыс" Ж Ш С Тараз қаласы	Гвардейск күк., әскери қалашық	Ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу
5.	"Жамбылжолқұрылыс" Ж Ш С Тараз қаласы	Гвардейск күк., әскери қалашық	Әскери қалашықтың аумағын жайластыру
6.	"Жамбылжолқұрылыс" Ж Ш С Тараз қаласы	Гвардейск күк., әскери қалашық	Мемлекеттік сараптама жүргізе отырып, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және Гвардейск гарнизонының күрделі жөнделетін объектілерін зерттеу
7.	"Агат-7" ЖШС Балқаш қаласы	Балқаш қаласы	Балқаш гарнизонының ғимараттары мен құрылыстарын күрделі жөндеу, шектес аумағын жайластыру

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.12. N 942 Қаулысымен.